


Бекітемін: 
«Күншуақ» жеке меншік
бөбекжай-бақшасы»
әдіскері: Жақсылықова А.Ә.

«ҰЛТТЫҚ ОЙЫН»-ҰЛТ ҚАЗЫНАСЫ
«Асық ату» – балалардың бос уақытты ойын түрінде
ұйымдастыру



Тәрбиеші: Орысбаева А

Таушық ауылы , 25.11. 2025ж

Ұлттық ойын – ұлт қазынасы: «Асық ату» – бос уақытты ойын түрінде ұйымдастыру

Мақсаты: Балалардың бос уақытын ұлттық ойын арқылы қызықты әрі пайдалы өткізу, қазақ халқының мәдени мұрасына құрмет сезімін қалыптастыру, ептілік пен дәлдікке баулу.

✓ **Міндеттері:**

- Ұлттық ойын асық атудың мазмұнымен таныстыру;
- Балалардың көз мөлшерін, дәлдігін, шапшаңдығын дамыту;
- Бос уақытты тиімді ұйымдастыруға дағдыландыру;
- Ұжыммен ойнауға, әділдікке, тәртіпке тәрбиелеу.

Құрал-жабдықтар:

- Түрлі түсті асықтар
- Бір сақа
- Сызық сызуға бор немесе лента

Балаларды шеңберге тұрғызу.

Тәрбиеші :– Балалар, біздің ата-бабамыз бос уақытын қалай өткізген деп ойлайсыңдар? Бүгін біз ұлт қазынасы – асық ату ойынын ойнаймыз.

Ойынның ережесі: «Асық ату»

1. Ортаға бірнеше асық тігіледі.
2. Балалар кезекпен сақамен асықты атады.
3. Кім асықты дәл тигізіп құлатса – сол асықты алады.
4. Кім көп асық жинаса – сол жеңімпаз.

Қауіпсіздік ережелері:

- Бір-біріне сақа лақтырмау;
- Ойын сызығынан шықпау;
- Итерісуге болмайды;
- Тек тәрбиеші рұқсатымен ату.

Сергіту сәті:

Асық атып ойнаймыз,
Шапшаң болып сайраймыз.
Дәл тигізіп сақаны,
Жеңіске біз талпынамыз!

Ойынның тәрбиелік мәні:

- Ұлттық рух қалыптасады;
- Баланың зейіні, төзімі, дәлдігі дамиды;

- Бәсекелестік пен достық қатар қалыптасады;
- Бос уақыт тиімді әрі қызықты өтеді.

Қорытынды :

- Біз қандай ұлттық ойын ойнадық?
- Асық ойнау бізге нені үйретті?

